

**Әлкебаева Д.А.<sup>1</sup>, Ахметкалиева Л.Ж.<sup>2</sup>,**

әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университетінің <sup>1</sup>профессоры, ф. ғ. д., <sup>2</sup>I курс PhD докторанты,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: alkebaeva@mail.ru, liza91\_1604@mail.ru

**ПРАГМАТИКА НЕГІЗДЕРІ: ОЙЛАУ МЕН СӨЙЛЕУ**

Мақалада ойлау мен сөйлеу теориялары прагматиканың негізгі компоненттері ретінде қарастырылады. Бұл теориялар философия, психология және филология бағытында жазылған еңбектер негізінде талданды. Қазақ тіл білімінде сөз, сөйлеу қызметі ойлаумен салғастыра алғашқы рет қарастылырып отыр. Ойлау мен сөйлеу күрделі механизм ретінде адам баласына ғана тән екендігі жан-жақты ғылыми пікірлермен толықтырылады. Мақалада сөйлеу қызметі ойлау қызметінің прагматикасына байланысты көрсетілетіні басты межеге алынды. Психологияда ойлау түрлері үшке бөлінеді: ұғым, пікір, ой қорытындылары. Осылар психолінгвистикалық тұрғыдан талданып, қарастырылды. Сөйлеу теориялары бойынша психологиялық және филологиялық еңбектердегі ортақ пікірлер алынды. Прагматика – бірнеше салалардың объектісі. Сол себепті тіл білімінде прагматиканы өзге салалармен салыстыра-салғастыра зерттеу маңыздылығы мақалаға арқау етілді.

**Түйін сөздер:** прагматика, ойлау, антропоцентрилік, сөз, сөйлеу қызметі.

Alkebaeva D.A.<sup>1</sup>, Akhmetkaliyeva L.Zh.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>Doctor of Science, Professor, <sup>2</sup>doctoral student  
of Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: alkebaeva@mail.ru, liza91\_1604@mail.ru

**The foundations of the pragmatists: thought and speech**

The article deals with the basics of the theory of speech and thinking as the main components of pragmatics. These theories were analyzed on the basis of works written in the direction of psychology, philosophy and Philology. In Kazakh linguistics the interrelation of speech, speech act with thinking is considered for the first time. The article gives specific arguments from the sources about the complex mechanism of thinking and speech, which are peculiar only to man. Communicative situations faced by a person change his / her thinking and speech, along with the change of pragmatic meaning in speech are revealed by the example of oratory discourse. The importance of pragmatism is clearly seen in the analysis of the oratorical discourse. Definitions on types of thinking are given and examples are given. For comparison and understanding of the topic taken from the General concept of the sources of psychology and Philology of the theory of speech. Since pragmatics is considered to be the object of several Sciences, the article was directed and written on the basis of comparison and comparison of the theory of the above Sciences.

**Key words:** pragmatism, anthropocentricity, thinking, speech, speech act.

Алкебаева Д.А.<sup>1</sup>, Ахметкалиева Л.Ж.<sup>2</sup>,

<sup>1</sup>д. ф. н. профессор, <sup>2</sup> PhD докторант I курса  
Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: alkebaeva@mail.ru, liza91\_1604@mail.ru

**Основы прагматики: мышления и речь**

В статье рассматриваются основы теории речи и мышления как основные компоненты прагматики. Данные теории были проанализированы на основе трудов, написанных по направлению психологии, философии и филологии. В казахской лингвистике впервые рассматривается взаимосвязь речи, акта речи с мышлением. В статье даны конкретные аргументы

из источников о сложном механизме мышления и речи, которые свойственны только человеку. Коммуникативные ситуации, с которыми сталкивается человек, меняют его мышление и речь, наряду с этим изменения прагматических значений в речи выявлены на примере ораторского дискурса. В ходе анализа ораторского дискурса конкретно видны значение прагматики. Даны определения на виды мышления и приведены примеры. Для сравнения и осмысления темы взяты общие понятия из источников по психологии и филологии о теории речи. Так как прагматика считается объектом нескольких наук, статья была направлена и написана на основе сравнения и сопоставления теории вышеуказанных наук.

**Ключевые слова:** прагматика, мышление, антропоцентричность, речь, речевой акт.

## Кіріспе

Қазіргі таңда ғылымды қоғамның айнымас бөлшегі адаммен байланыстыра зерттеу жетекші орынға шықты. Адамды тану айналадағы адам қолымен жасалған материалдық заттар мен өзге де құбылыстардың сырын тану, ашу болып отыр. Өткен ғасырлардан бері психология, философия, логика және лингвистика салаларында антропоэзектілік жайлы пікірлер айтылып келеді. Тіл біліміндегі антропоэзектілік жайлы алғаш идея көтерген Ф. Гумбольдт екені белгілі. Белгілі зерттеушінің ойынша тілді меңгеру ол қоғамдағы барлық салалардан хабардар болып, адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасын түсіну және өз жеке болмысының сырларына үңілуі саналады. Ф. Гумбольдтің ойларын А. Потенция жалғастыра келе адам тілді үйрену арқылы өзін түсінеді және айтылған сөзінің мағынасын өзгелер арқылы аша түседі дегенге келеді. Осы ойлардың жетегімен ғалым Э. Бенвенис алғашқылардың бірі болып тіл білімінде автор мен адресат ұғымдарын енгізіп, тілге жүйелік тұрғыдан сипаттама беріп өткен. Сонымен қатар тілдің адам үшін жаратылғанын, сол себепті де тілді адамнан бөліп зерттеуге де, меңгеруге де болмайтындығын алға тартады. Осы тұста профессор Д. Әлкебаева мынадай орынды пікір білдіреді: «Сөздің иесі – адам, себебі адам – өте күрделі тұлға, оның сөзі де өте күрделі «жанды организм» болып табылады» (Алкебаева, 2014: 36).

Жеке адамның сөзі арқылы болмысын, ойын, интеллектісін және ниетін, пиғылын айқындап, өмірінен хабардар болуға болады. Антропоэзектілік парадигмасы бойынша адам басқы орынға шығып, тіл оның ары қарай өмір сүруіне арналған қажеттілігі саналады. Тіл білімінің дамуына антропоэзектілік парадигмалары, атап айтқанда сөйлеу мен адамның ойлану процестерінің байланысы мәселелері ықпал ете бастайды.

Прагматика сөздетолық көрініс тапқандықтан, оның негізі ойлауда болатындығы белгілі. Ой-

лау теориясы туралы ғылыми пікірлер ғылыми айналымда баршылық. Осы мәселе айналасында лингвистика, психология бағытында шетел ғалымдары В. Фон. Гумбольдт, Ф. де Соссюр, Эдвард Сепир, И.И. Мещанинов, А.Н. Леонтьев, В.В. Давыдо, В.Л. Поплужный, О.К. Тихомиров және т.б. өз ғылыми тұжырымдамаларын жасаған Алайда айтылған пікірлер әлі күнге дейін бір жүйеге түспей отыр. Тіптен психологтардың да арасында сөйлеу мен ойлау процесінің қайсысы бірінші адам миында қалыптасатындығы әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ. Сөйлеу кезінде сөз иесінің мақсаты (прагматика) бірінші ме, ойлау я сөйлеу процестері алғы орында ма немесе адам миындағы күрделі механизм ойлау мен сөйлеу бүгінгі тіл біліміндегі жаңа бағыт прагматиканың бөлшектеріне жатады ма деген күрделі де заңды сауалдар туындайды.

«Қазақтан сөз қалмаған» демекші, ойлау процесі сөйлеуден бұрын қалыптасуы мүмкін дегенге негіз болатын тілімізде мағынасы терең даналы сөздер бар. Мәселен, «ойланып сөйле», «ойынан құрастырған», «андамай сөйлеген ауырмай өледі», «ой үстінде отыр», «ойы жүйрік», «ойы басқа жақта», «ойы жақсы» деген тіркестер бекер айтылмаса керек. Осы сияқты орыс тілінде: «Мысль наперед слова идёт», «мысль у умного, у дурака слова», «умный не тот, кто болтает, а тот, кто мыслит и говорит», «сначала мысли головой – затем слово молви» – десе, ағылшын тілінде: «To talk without thinking is to shoot without aiming», «When a man stops thinking he stops feeling», «If you are a fast talker at least think slowly», «Think much, say little, write less» – деген мақалдар ойлау мен сөйлеудің арақатынасын көрсетеді. Сонымен қатар ойлаудың сөзге негізгі тірек, іргетас болатынын дәлелдейді.

Ойлау теориясы – философия, филология, лингвистика, логика және психология салаларының зерттеу объектісі. Ойлау теориясын философияда сана мәселесімен байланыстырады. Олар сананы адам миының қызметінің нәтижесі, онсыз оның көріну мүмкіндігін жоққа шығарады. Философияға арналған оқу құралында осыған

қатысты: «Сана – бұл, ақиқатты бейнелеудің тек қана әлеуметтік өресінен орын алатын және адамның миы арқылы ең алдымен ұғым, пікір, ой қорытындысы сияқты абстрактілі ойлаудың идеалды түрлерімен іске асатын ең жоғары деңгей» – деп анықтама береді (Zhunshiev, Tokenov, Iztileyov, 2007: 291). Қ. Жарықбаев ойлау теориясы айналасында төмендегідей пікірлер келтіреді: «Ойлау дегеніміз сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ой толық сөз күйінде білдірілгенде ғана айқындалып, дәйектеліп, дәлелдене түседі. Ойлау мен сөйлеу бірдей нәрсе емес. Ой – сыртқы дүниені бейнелеудің ең жоғары формасы, сөз – ойды басқа адамдарға жеткізетін құрал. Ойдың сөз арқылы бейнеленуі арқасында адам өзінен бұрынғы ұрпақтар жинаған тәжірибе мен білімді сақтап қала алады, ойды өмірді онан әрі жақсарту мақсатына пайдаланады» (Zharuqbaev, 2002: 184).

Ойлауға берілген біршама анықтамалардан табиғаттың бір бөлшегі жануарлардың миының мүмкіншілігі елестетуге жеткенмен, миының сана бейнелері арқылы ойлау қызметін атқара алмайтындығын аңғартады. Яғни, адамды жан-жануарлардан артық қылып тұрған оның ақыл-есі я миының көлемі емес, ойлана білу процесі. Ал ойлау ми мүмкіншілігінің ең күрделісі.

Сана, ой және ақыл психологиялық еңбектерде түрлі деңгейлі болып келсе, тілімізде саналы, ойлы, ақылды ұғымдары жарыспалы, жуық мағынада қолданылады: «Саналымен санаспа, санасызбен жанаспа», «саналы адам сағынды сындырмас, санасыз адам жағынды тындырмас», «санасызға сан айтсаң да болмайды», «Уа, құдайым, бала бер, бала берсең сана бер». Сана – разум, ой – мысль, ал ақыл-ум деп аударылса, орыс тілінде де сананы ақыл мен ойдан жеке бөліп қарастырмайтындығын: «Каков разум, таковы и речи», «Птицам даны крылья, а человеку – разум», «Ум без разума – беда» – деген мақалдарынан байқалады.

Психологиялық еңбектерде ойлау қабылдаулар мен елестердің негізінде жасалатындығын айтады. Жантану ілімінің зерттеушілері: «Жана туған балада ешқандай ойлау болмайды, ойлау баланың сыртқы ортамен белсенді қарым-қатынас жасауының нәтижесінде, оның өмір тәжірибесімен қосақталып дамып отырады» -деп, тілдің шығуы бала ойлауының елеулі кезеңіне жатқызады (Zharuqbaev, 2002: 202). Тілдің шығуы (сөйлей алуы) ойлау процесінің дамып отыруына үлкен ықпал ететіндігін

көрсетеді. Ойлау процесі адам миында сөйлеуге қарағанда алғаш қалыптасқанмен, тілі шығып, адам сөйлеп бастағанда ойлау процесі жетіліп отырады. Баланы кішкентай кезінен оқуға бейімдеп өсіру адамның ойлауын дамытады деп тұжырымдайды. Қазақ ұлтының дүниеге келген сәбиді бесік жыры, ертегі мен жаңылпаштарға баулу арқылы бала тілін жетілдіре тәрбиелеуінде де үлкен рухани ғана емес, ғылыми да мән аңғарылады.

Психологтардың сәби дүниеге келгенде ойсыз халде болады деген пікірлері біздіңше жансақтау, себебі ол ым тілімен болса да өзінің физиологиялық мүмкіншілігіне қарай жағдаятқа тап болады. Белгілі бір деңгейде ойлау процесі жүріп жатады. Нәрестенің сөйлеу құралы ым тілі, жылау процесі. Жылау барысындағы интонацияның шарықтауы я түсуі сәби интенциясын көрсетеді. Бұл ең қарапайым өмірлік мысал. Ары қарай күрделене түседі. Прагматикалық элементтер өзгереді, көбейеді, ойлау процесі дамып, сөйлеумен ұштасады, адамдар арасындағы дискурс та тақырыптық және мазмұндық жағынан сан алуан болады. Сонымен қатар коммуникативтік ситуацияларға қарай адамның прагматикасы да өзгереді, дамиды және прагматиканың компоненті сөйлеу әрекетінің нәтижесін тану қиындай түседі.

Психологтар да философтардың пікірлерінен алшақтамай, ой түрлерін, кей оқулықтарда формаларын үшке: ұғым, пікір, ой қорытындыларына жіктейді.

### Эксперимент

Ұғым – мидағы образдар мен сол образдарды бейнелейтін тілдік бірліктердің (сөз, сөз тіркесі және мәтін) байланысы, сонымен қатар ұғым адам миында белгілі бір құбылыстардың санаға әсер етуінен пайда болады. Ол түйсіну, қабылдау, елестету негізінде туындайды. «Ұғым – бұл заттар мен құбылыстардың жалпы және маңызды қасиеттерін бейнелейтін ойлаудың түрі. Ұғым бір-бірімен байланысты зат туралы түсініктерден – оның қасиеттері, жағдайлары, байланыстары және қатынастарынан тұрады. Әрбір зат, әрбір құбылыс әртүрлі көптеген қасиеттерді, белгілерді иеленеді» – деген түсіндірулерді С. Бап-Баба береді (Вар-Баба, 2003: 180). Тіл білімінде ұғым әр ұлттың өз концептілері желісінде адам миында қалыптасады. Атап айтқанда, «бірлік», «ынтымақ» ұғымдары тіліміздің даналық мұрасына айналған шешендік сөздерінің дискурсында көп аңғарылады:

Төле би жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп батасын алады. Төле бала әуелі әкесіне барыпты. Жасы жүзге тақап отырған әкесі ынтымақ, ел бірлігі жөнінде әңгіме айтып отырады. Төле «Қалай еткенде бірлік болады, оның күші қандай болмақ» дегенді сұрайды. Сонда, әкесі әуелі жауап айтпас бұрын бір бума солқылдақ шыбық алдырады:

- Балам, мынаны сындырып көрші.

Төле буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды.

- Енді сол шыбықты біртіндеп сындыршы? Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт етіп оп-оңай сындыра береді. Әлібек би:

- Бұдан не түсіндің, балам? – дейді.

Сонда. Төле бала:

- Түсіндім, әке бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой.

- Бәрекелді, балам, дұрыс таптың. Ел билеу үшін алдымен елді ауызбірлікке, ынтымаққа шақыра біл. «Бақ қайда барасың дегенде, ынтымаққа барамын» дегеннің мәнісі осы, – депті (<https://www.itest.kz>).

Жоғарыдағы шешендік сөзден ынтымақ ұғымы оқырманға буылған шыбық арқылы беріліп тұр. Адресантка әсер ету үшін буылған шыбықты олай-бұлай иіп сындыра алмайды, ал Төле ортасынан буылған шыбықты шешіп, біртіндеп пырт-пырт етіп оп-оңай сындыра береді деген сөйлемдердегі қарамен белгіленген қайталама еліктеуіш сөздер жақсы қолданған. Егер автор ол тілдік бірліктерді қолданбаса оқырман көз алдына шыбықты елестете алмас еді. Философтардың пікіріне сүйенетін болсақ, елестетусіз адам миында белгілі бір ұғым да қалыптаспаған болар еді. Коммуникацияға түскен Төле мен оның қарт әкесі ынтымақ, бірлік ұғымдарын ұлттық сана деңгейіне дейін көтеріп, өз прагматикасын іске асырып, дйттеген мақсатына жетіп отыр: Түсіндім, әке бұл мысалыңыздың мәнісі: ынтымағы, бірлігі мықты елді жау да, дау да ала алмайды. «Саяқ жүрген таяқ жейді» демекші, бірлігі, ынтымағы жоқты жау да, дау да оп-оңай алады дегеніңіз ғой. Осы сөйлемдегі түсіндім, әке тіл бірлігі коммуникацияға түскен Төленің әкесі көрсеткен жағдаяттардан кейін анализ жасап, ойлаудың күрделі формасы саналатын ой қорытындысын жасағандығын көрсетеді.

Ойлаудың күрделі формаларының бірі – ой қорытындылары. Ой қорытындылары дегеніміз

бірнеше пікірлерден жаңа бір пікір шығару тәсілі. Қорытынды шығару үшін оны белгілі тәртіпке бір-бірімен байланыстыру қажет. Қатар тұрған кездейсоқ пікірлерден қорытынды шықпайды. Алграмматикада мұны сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы логикалық байланыс деп атайды. Егер де адамның сөйлеп тұрған сөзінде логикалық байланысы болмаса тындаушы адам оны бірден түсінбеген болар еді. «Ойын дұрыс жеткізе алмады», «басы жоқ, аяғы жоқ», «ойы үзік-үзік», «сөзінде ешбір байланыс жоқ» сынды тіркестерді қай кезде де айтып жатуы жайдан жай емес. Қазақ тілінде ойдың логикалық байланысы қаншама ғасырлардан бұрын келе жатқан шешендік сөздерде берік сақталған. Дискурса түсуші би мен шешендердің сөзі бірінен соң бірі мағыналық тізбекпен байланысқа түсіп, ойдан ой туындатады:

Бір төре кедей адамға егін ектіріп, ақы төлемей, өзі пайдаланып жүреді. Кедейге балашағасын асырау қиын болыпты. Келесі күзде егін жақсы шығып, кедей егінді төреге айтпай жинап алыпты. Төре кедейді ұрып, басын жарыпты. Таяқ жеген кедей Төле биге арыздана барыпты. Төле кедейдің жағдайын естіген болса керек. Төрені шақыртып алып:

Таласқандарың қара жер,  
Қор болмасты ойласаң,  
Төрем, болдың босқа тер.  
Мүсәпірдің қақын бер, –

деген соң әлгі төре ұялып, кедейдің ақысын беріп риза қылыпты (<https://www.itest.kz>)

Берілген жағдаятты оң шешуде Төле би прагматикасының тереңдігі аңғарылады: Төрем, болдың босқа тер.

Мүсәпірдің қақын бер, – деген өлең жолдарында кедейдің ақысын жеген байды Төрем деп мәртебесін жоғары көтеріп, болдың босқа тер тіркесімен құр қара жер үшін кедейді соққыға жығып бекер әурешілік жасадың дегендей байдың санасына әсер етіп, мүсәпірдің қақын бер деген иллокутивті етістіктермен төрені бітімге шақыруда кедей деген сөзді емес, мүсәпір (мүсәпірдің ассоциациялық мәні күнін көре алма жүрген бишара) сөзін қолданып кедейге ақысын төлеттіргені бидің негізгі мақсатына (бітімге шақыру) жеткендігін дәлелдейді. Белгілі бір тілдік элементтермен сөйлеу интенциясы іске асырылып, прагматикалық мәні ашылады.

Ойлау процесінің мида қалыптасатын сатыларынан ойдың абстрактілі көрінісі, өнімі сөз пайда болады. Ал сол ойлауға түрткі болған

біздіңше прагматикалық элементтер ол субъект тап болған жағдаят (ситуация). Жоғары мысалдағы кедей тап болған жағдаят мәтінде былай сипатталады: Бір төре кедей адамға егін ектіріп, ақы төлемей, өзі пайдаланып жүреді. Кедейге бала-шағасын асырау қиын болыпты. Келесі күзде егін жақсы шығып, кедей егінді төреге айтпай жинап алыпты. Төре кедейді ұрып, басын жарыпты. Осы аталған жағдаяттан кейін «Таяқ жеген кедей Төле биге арыздана барыпты». Кез келген коммуникативтік жағдаят адамды іске жұмылдырады және прагматикасын өзгертеді. Прагматиканың өзгеруіне оның ойлауы себеп болды.

Ойлау бірінші мида қалыптасады деген болсақ, алайда сөйлегенде ол дамиды, ал адресаты сөйлеу актісі барысында нақтыланады. Жоғарыдағы шешендік сөздерде сөйлеу актісін құрайтын автор да, адресат пен адресанты бар. Д. Әлкебаева: «Сөйлеу актілері – сөйлеудің екі жақты келісімімен сөз тудыру әрекетіне әсер етуі. Сөйлеу актісі сөзге қатысушылардың уақыт пен кеңістікке тәуелсіздік мүмкіндігін таныта алады» – деп жақсы ғылыми анықтама береді (Alkebaeva, 2014: 62). Л.М. Шайкенова еңбегіне сүйене келе сөйлеу актісі сөйлеу әрекетінің ұстанымдары мен ережелерімен реттелетін, мақсатты бағытталған, белгілі бір социумда қабылданған, қандай да бір сөйлеу жағдаятында адресаты бар сөйленістің айтылуы болып отыр (Shaikenova, 2007: 62). Яғни сөз (речь), сөйлеу актілері жеке-жеке мәні бар ұғымдар.

Ал сөйлеуге психологтар мынадай анықтама береді: «сөйлеу – пікір алысу процесінде жеке адамның белгілі тілді пайдалануы» (Zharyqbaev, 2002: 207). Психологияға қатысты оқулықтарда сөйлеуді сыртқы және ішкі сөйлеу деп үлкен екі топқа жіктейді. Сыртқы сөйлеу ауызша және жазбаша сөйлеу болып, ал ауызша сөйлеудің өзі диалог және монолог. Ал жазбаша сөйлеуді өте күрделі және оның ғылыми, публицистикалық, көркем әдеби, іс-қағаздық стильдері бар.

Сөйлеудің жеке бір түрі – ішкі сөйлеу. Ішкі сөйлеу деп тілдік материал негізінде дауыстамай-ақ сөйлеу алушылықты айтады. Әр ұлттың өкілі қандай бір нәрсе туралы ойласа да, алдымен өз тілінде ойлайды. Осындай кезде адам ішкі сөйлеуді пайдаланады. Ішкі сөйлеу адамдармен тікелей қарым-қатынас жасауға арналмаған. Оны адам өзінің ойлау әрекетінің ішкі мақсаты үшін пайдаланады.

Филологиялық еңбектерде сөйлеуді жоғарыдағы анықтамамен ұштастыра сипаттама береді:

«Сөйлеу дегеніміз – белгілі уақыт ішінде өтетін және дыбыстық форма жамылған немесе жазбаша түрде көрінетін нақты ой (ішкі ойлау – ішкі сөйлеу). Сөйлеуге сонымен қатар жадтағы (ойдағы) немесе хаттағы белгіленген ой, шығармашылық сөйлеу түрінде (мәтін) айтатын ойдың жемісі жатады. Адамның сөйлеген кезіндегі сөзінің өзіне тән ерекшелігі бар» (Alkebaeva, 2014: 36).

Сөз сөйлеу табиғаты өте күрделі. Сондықтан сөзді интеллектуалдық, психо-физиологиялық, психолингвистикалық, эстетикалық құбылыс ретінде тану оның маңызды сипатын анықтауда басты міндет ретінде алынады.

Д.Әлкебаева адамның сөзін жеке тұлғаның психо-физиологиялық табиғатына қарай екіге бөледі:

1. Ішкі сөз.
2. Сыртқы сөз.

Ішкі сөз – адамның ішкі ойлау стиліне сыртқы көріністі түйіндейтін, түрлі құбылысқа жинақталған түсінігі.

Ішкі сөз сыртқы сөзге қарағанда өте күрделі, себебі ішкі сөз сыртқы сөздің қалыптасуына, құрылуына негіз болады. Ішкі сөз сыртқы сөздің мәндік, хабарламалық сипаты мазмұнды, стильді болуына тікелей ықпал етеді. Бірақ ішкі сөз сыртқа шықпауы да мүмкін. Мысалы, Абай ішінен: «Шіркін, Базаралы оқыған болса, бір Тобықты емес, бар қазақтың осындай мұң-мұқтажына алтын береке, асыл діңгек болар еді-ау!» – деп ойлады (М.Әуезов). (Alkebaeva, 2014: 40-41). Бұл берілген мысалда кейіпкердің ішкі сөзі арқылы автордың да прагматикасын анықтауға болады. Алайда қағаз бетіне түскен ішкі сөз толыққанды адам миындағы ішкі ойлауды ашып бере алмайды. Ой – ұшы қиыры жоқ, белгілі бір шекаралық байламасыз адам миында жүріп жататын күрделі процесс. Ішкі ойлаудан ішкі сөзге жалғасқан механизм қағазға мәтін түрінде түсіп, я ауызша жеткен дискурс болсын, белгілі бір тілдік құралдарды таңдау арқылы жеткізушінің прагматикасы басқы орынға шығып, сөз сөйлеу мәдениетін реттейді және белгілі бір дәрежеде ойдың тиянақталуына септігін тигізіп отырады. Ал адам миындағы барлық ойды ешкім және ешнәрсе қадағалай алмайды. Сөйлеу кезінде оның толық көрініс табуы да қиын, тіптен мүмкін емес.

### Нәтиже мен талқы

Эксперимент нәтижелерін қорытындылай келе мынадай тұжырымдар келтіре алдық:

1) Прагматика адам мен тіл арасындағы қатынас, демек адамның сөйлеу процесіне дейін ойлауда да прагматика өтеді;

2) Ойлау туралы психологиялық, филологиялық, философиялық еңбектер негізіне сүйене отырып сөзде ойлау мақсаты, яғни прагматика болатыны анықталды;

3) Адам сөзі ойлау арқылы сүзгіден өтеді, прагматиканың ойлауда негізі қаланады;

4) Ойлау – тек адам баласына тән күрделі процес. Қазақ тілінде *«маймылдың басы ойнауға жеткенмен, ойлауға жетпейді»* деген жалпақ тілмен айтылған мақалы мен *«ойлай берсең дана боларсың, ойнай берсең бала боларсың»* сөздері соған дәлел;

5) *Сана, ақыл, ой* ұғымдары қандай тілде болса да жарыспалы, жуық мағынасында қолданылады, ал психология мен философиялық еңбектерде әрқайсысы бөлек деңгейлі процес ретінде сипатталады;

Адамда ойлаудың қалыптасуы оған әсер еткен, я болмаса еңбек ету, өмір сүру барысында алдынан шыққан жағдайлар себеп бола алады, прагматикасы туындап, сөзі де жағдаятқа қарай ауысады.

Адамдық фактор мен тіл арақатынасын ойлаумен сабақтастыру логикада, танымдық негізде дәйектеу философиялық бағытта, тіл «әрекетін» функционалды қолданыс қызметінде қарастыру көп аспектілі прагматикалық кешенді зерттеу болып табылады.

Тіл де – ойлау секілді, барынша күрделі коммуникативтік жүйенің құрамдас бір бөлігі. Тіл мен ойлаудың арасында диалектикалық байланыс бар. Ойлауды жалпы түрде субъектінің объектімен (табиғат пен адам қоршаған әлем) өзара әрекетінің психикалық үрдісі ретінде

қарауға болады. Соның нәтижесінде адамдардың сөзінде сөз тіркестері мен сөйлемдерге негізделген білім түрінде қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстардың жалпыланған бейнесі пайда болады. Әлемнің тілдік бейнесі болып табылатын нақ осы білім адам санасының негізі болады, нақты жағдаяттарда адамдар арасындағы сөйлеуге құрылған қарым-қатынас осыған негізделеді.

Сөз – хабарлау, тіл – кодтау. Ендеше, сөз қызметі – сөз әрекеті, яғни ойлау мазмұнын тілдік арнайы кестеге негізделген ережелер бойынша кодқа салу және ашу үрдісі болып отыр.

### Қорытынды

Тіл білімінде прагматиканы ойлау мен сөйлеу теорияларынан жеке дара бөліп зерттеу мүмкін емес. Сөз ойлаудың бейнесі ретінде танылса, сөйлеу тек тірі ағзалардың бірі адамға ғана берілген үстем қабілет. Ойлау, сөйлеу, сөйлеу актісі арқылы ғана адам өмірге бейімделеді, дамиды әрі мақсаттарына жетеді.

Бастапқыда философияның негізгі объектісіне айналып отырған прагматика тіл білімінде де үлкен орынға ие. Прагматика филологтардың адресаттың адресантқа әсер етудегі тілдік бірліктердің таңдалып алынуы және философтардың айтып отырған сөзді өз пайдасына шешуі ғана емес, адамның ары қарай өмір сүруі үшін белгілі бір мақсаттарға жету барысында мидағы күрделі ойлау мен сөйлеу процестерінің іске асуы, коммуникацияға түскендердің арасындағы интеллектуалдық байланысы мен қоғамдағы өзгерістердің тілдік бірліктер мен санадағы ұғымдарға әсер етуін басқара жетектейтін тіл біліміндегі сан аспектілі сала.

### Әдебиеттер

- Өлкебаева Д. Сөз мәдениеті: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 214 б.  
 Жүншеев Р.Е., Төкенов Ө.С., Ізтілеуов А.Ә. Философия: оқу құралы. – Алматы, 2007. – 300 б.  
 Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. – Алматы, 2002.  
 Бап-Баба С.Б. Жантану негіздері. (Жалпы психология). – Алматы: Заң әдебиеті, 2003. – 306 б.  
[https://www.itest.kz/kz/lekciya\\_sheshendik\\_sozder\\_qazaqtyng\\_bi\\_sheshenderi\\_sheshendik\\_sozderding\\_zhanrlyq\\_tekteri](https://www.itest.kz/kz/lekciya_sheshendik_sozder_qazaqtyng_bi_sheshenderi_sheshendik_sozderding_zhanrlyq_tekteri)  
 Шайкенова Л.М. Сөйлеу актілерінің теориясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 66 б.  
 Смағұлова Г.Н., Күркебаев К.Қ., Жұмағұлова Ө.М. Шешендік сөздердің дискурсы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 169 б.

### References

- Alkebaeva D. (2014) Soz madeniety: oqu qyraly [Culture of speech]. Almaty: Qazaq Universiteti, 214 b. (In Kazakh)
- Bap-Baba S.B. (2003) Zhantany negizderi (Zhalpy psihologia) [General psychology]. Almaty: Zan adebiety, 306 b. (In Kazakh)
- Zhunshiev R.E., Tokenov O.S., Izileyov A.A. (2007) Philosophia: oqu qyraly [Philosophy]. Almaty, 300 b. (In Kazakh)
- Zharyqbaev K. (2002) Zhantany negizderi [Principles of psychology]. Almaty, (In Kazakh)
- Smagulova G.N., Kurkebaev K.K., Zhumagulova A.M. (2012) Sheshendiksozderdindiskursy: oqu qyraly [Oratorical phrases in discourse: a training manual]. Almaty: Qazaq Universiteti, 169 b. (In Kazakh)
- Shaikenova L. M. (2007) Soiley aktileri teoriyasi: oqu qyraly [The Theory of speech acts]. Almaty: Qazaq universiteti, 66 b. (In Kazakh)
- [https://www.itest.kz/kz/lekciya\\_sheshendik\\_sozder\\_qazaqtyng\\_bi\\_sheshenderi\\_sheshendik\\_sozderding\\_zhanrlyq\\_tekeri](https://www.itest.kz/kz/lekciya_sheshendik_sozder_qazaqtyng_bi_sheshenderi_sheshendik_sozderding_zhanrlyq_tekeri) (In Kazakh)